

2014 жылғы 15 мамырға арналған ЖОБА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ**



**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі Үкімет сағатында
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі В.К. Божконың
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің
төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы
2013 жылғы және 2014 жылғы I тоқсандағы қызметінің
қорытындылары туралы» баяндамасы
(2014 жылғы 19 мамыр)**

1-СЛАЙД - көрнеу

Астана, 2014

2-СЛАЙД

Құрметті депутат мырзалар!

Өткен жылғы 13 мамырдағы біздің соңғы кездесу сәтімізден бастап Министрліктің атқарған жұмыстарының қорытындыларын баяндауға рұқсат етіңіздер.

Біріншіден Сіздерге Мемлекет басшысы өткен айда қол қойған төрт заңнама жобасы бойынша жұмысқа қосқан баға жетпес көмектеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Бұл:

- 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының мемлекеттік шекараны кесіп өтуінің оңайлатылған тәртібі туралы хаттаманы ратификациялау жөніндегі;

- 2014 жылғы 14 сәуірде Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықты құру туралы келісімді ратификациялау жөніндегі;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар;

- сондай-ақ біз үшін ең маңызды «Азаматтық қорғау туралы» заң. Қазіргі уақытта Заңды іске асыру үшін қолданыстағы заңға тәуелді 97 нормативтік құқықтық акті (үкіметтің 3 Жарғы, 73 қаулы және ТЖМ-ның 21 бұйрығы) әзірленудеміз, 6 қаулыны Мұнай және газ, Қоршаған орта және су ресурстары, Өңірлік даму министрліктері әзірлеуде. Барлық қолданыстағы НҚА келісу үшін мүдделі мемлекеттік органдарда.

«Азаматтық қорғау туралы» заңды іске асыру Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуы жөніндегі «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ел Президентінің Қазақстан Республикасы халқына кезекті Жолдауында қойылған міндеттерге қол жеткізуге ықпалын тигізеді.

Өткен жылғы Үкімет сағатынан бастап осы кезеңге дейінгі атқарылған жұмысты баяндай отыра, Төтенше жағдайлар Министрілігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қызметі Мемлекет басшысы, Қауіпсіздік Кеңесі, Үкімет, Парламент қойған міндеттерді және Министрліктің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары іс-шараларын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылғандығын атап кету қажет.

3-СЛАЙД.

Мемлекет басшысының бизнеске әкімшілік қысымды азайтуға аса назар аударылды.

1 қаңтардан бастап тексерулер қорытындылары бойынша аз дәрежелі тәуекелге ауыстыру немесе тексерулерден босату түрінде бизнесмендерді ынталандыру практикасы енгізілді. **103422** кәсіпкерлік объектіні тексеру тоқтатылды, ал бұл барлық бақылаудағы жеке кәсіпкерліктің **65%-ы**. Өрт қауіпсіздігі саласындағы тексерулер саны **46%-ға**, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында - **42%-ға** азайтылды.

2014 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлер ұлттық палатасымен **Кәсіпкерлер құқығын қорғау мәселелері бойынша өзара**

ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, оған осы мәселедегі ынтымақтастықты жаңа деңгейге ауыстыру үшін құқықтық негіздер енгізілді.

Министрліктің аумақтық бөлімшелері рұқсат беру рәсімдерін қысқарту, бизнеске қысымды азайту жөнінде, мемлекеттік қызметтер көрсету, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында рұқсат беру құжаттарын беру тәртібін түсіндіру мәселелері жөнінде кәсіпкерлермен кездесу жүргізеді. І тоқсанда **102** «дөңгелек үстел», кездесу, кеңес өткізілді, оған **1035** кәсіпкер, жергілікті атқарушы органдарының, прокуратурасының, бизнес қоғамдастықтарының өкілі қатысты.

Шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге енгізілген мораторийді ескере отырып, мемлекеттік бақылауға **34272** объект немесе есепте тұрған жалпы сананың **23%** жатады, оның ішінде **31498 (92%)** мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын, коммерциялық емес ұйым, жеке кәсіпкерлік саласына жатпайтын ұйым және **2774 (8%)** ірі кәсіпкерлік субъекті.

Бұл ретте ол азаматтардың қауіпсіздігіне әсерін тигізбейтіндігін атап кету қажет. **Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру мәселелері** **Министрліктің тұрақты бақылауында тұр**, елдің қауіпті объектілерінің техникалық жағдайын тұрақты қадағалау мен мониторинг жүргізу жүзеге асырылады.

Мәселен 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда өрт санының азаюы **15,6%-ға**, зардап шеккендер **7%-ға**, қаза болғандар **12,2%-ға**, материалдық залал **3,1%-ға** жетті. Қауіпті өнеркәсіптік объектілерде жазатайым оқиғалардан қаза болғандар саны **35,3%-ға**, жарақаттанғандар **33,3%-ға** азайды. Есепті кезеңде қауіпті өнеркәсіптік объектілерде **1219** бірлік ескірген жабдық және **53** технологиялық желі ауыстырылды.

4-СЛАЙД

Осы кезеңде ТЖМ күштері **6748** адамды құтқарды, ТЖ аймағынан **6651** адамды эвакуациялады, **3667** зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетті. 2013 жылы жүргізілген жұмыс нәтижесінен табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ **17,6%-ға**, оның салдарынан зардап шеккендер—**13,3%-ға**, қаза болғандар - **15,9%-ға** азайды.

Ағымдағы жылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша төтенше жағдайлардан қаза болғандар **16,6%-ға**, зардап шеккендер **7,1%-ға** азайғанын атап кеткім келеді.

ТЖМ бөлімшелері тұрақты талап етілетін және тәулік бойы әзірліктегі күштер болып табылады. Азаматтарға көмек көрсету үшін жыл бойына әрбір тәулікте 100-ден 450-ге дейін шақыруларды жүзеге асырдық.

5-СЛАЙД

Қар борасындарымен, беткейлік және жауын суының басуымен, 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облысының бірқатар аудандарында қатты дауыл желдің салдарын жоюға, Скай Эйрлайнс түрік авиакомпанияларының банкрот болуынан Анталияда «тұрып қалған» қазақстандық азаматтарды жеткізумен байланысты белгілі оқиғалар ТЖМ бөлімшелерінің, барлық деңгейдегі билік органдарының, бизнес өкілдерінің, азаматтық қоғамның қауырт жұмысын талап етті.

Желдің шатырды ұшыру жағдайлар жиі болды. 2013 жылы қатты және дауылды желге байланысты 35 төтенше жағдай салдарынан 10 адам әртүрлі ауырлық деңгейіндегі жарақат алды, **1338** ғимарат пен құрылыстың шатыры қирады, қалыпына келтіруге Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен бөлінген

материалдық залал 3 млрд. астам теңгені құрады.

Елдегі ғимарат пен құрылыстың зақымдалған жабынның ең көп саны 1976-1980 жылдардағы құрылысқа -**342** бірлік және 1991-2000 жылдарға -**448** бірлік болады.

Бұл фактілер 1976-1980 жылдары салынған жабын конструкциялары табиғи тозғандығын және шатыры жабындарының жөндеу жұмыстары жүргізілмегендігін, ал 1991-2000 жылдары салынған кезеңдегі конструкциялар құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарын сақталмай жүргізілгендігін көрсетеді.

Осылармен қатар 2006-2013 жылдары пайдалануға берілген ғимараттар мен құрылыстардың жабындарының зақымдалу жағдайлары да кездеседі, бұл құрылыс салушы ұйымдардың шатыр жабындарын қадағалаусыз және сапасыз салғандарын куәландырады.

2013-2014 жылдардағы қарлы кезеңде республиканың автожолдарында **739 рет** жол қозғалысы жабылды (*2013 жылы – 478 рет; 2014 жылғы I тоқсанда - 261 рет*). Біз жергілікті атқарушы органдармен, қорғаныс, ішкі істер, денсаулық сақтау министрлігі бөлімшелерімен, «Қазақавтожол» РМК-мен бірлесіп, **14423** адамды, оның ішінде **429** баланы және **5366** бірлік автомобиль техникасын, соның ішінде **107** рейстік автобусты, **209** шағын автобусты, **1936** ауыр жүк автомобилі мен **3112** жеңіл автомашинаны құтқардық және эвакуацияладық. Құтқарылғандарды жылыну пункттеріне жеткізді, көп жағдайларда ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Қыс мезгіліндегі ТЖМ-ның алдында тұрған тағы бір маңызды міндет – бұл жылу маусымының өтуін бақылау.

Тұтастай алғанда Республика бойынша жылу энергетикасы объектілері 2013-2014 жылдарындағы жылу беру кезеңінде **224** қазандықтың авариялық тоқтау тіркелді, 2012-2013 жылдардағы жылу беру кезеңінде -**375**, бұл **40%**-ға аз.

Алматы қаласының, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының энергия кәсіпорындарында қазандықтардың авариялық тоқтап қалулары орын алды. Қазандықтардың авариялық тоқтауларының негізгі себептері жылыту беттерінде тесік пайда болуынан, қосымша жабдықтардың істен шығуынан, электр қуатын санкцияланбаған сөндіруден болып отыр.

6-СЛАЙД

Биыл күшті су тасқындарының қаупіне байланысты алдан ала, ағымдағы жылғы қаңтарда көктемгі тасқын суларды өткізуге дайындық жүргізілді.

Су тасқыны жағдайларының ушығуы жағдайына жалпы саны **4455** адам, **833** бірлік техника, соның ішінде азаматтық қорғаныстың екі полкі (257 адам және 33 бірлік техника), **119** жүзу құралдары, құтқару жасақтары (**3561** адам және **777** бірлік техника), апаттар медицинасы орталығы (**64** адам және **22** бірлік техника) күштері мен құралдарының топтамасы құрылып, жоғары әзірлікке келтірілген. Елдің жетуі қиын өңірлеріне күштер мен материалдық ресурстарды, тіршілікті қамтамасыз ету құралдарын жеткізу үшін Ми-26 көліктік тікұшақтың **4**-еуі дайын болды.

Әкімдіктер, Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің су шаруашылығы және басқа ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп, тасқын қауіпті аумақтарға ұшулар жасалды.

2014 жылғы 20 ақпанда және 11 наурызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және оның бірінші орынбасарының төрағалық етуімен көктемгі тасқын суларды авариясыз өткізуге дайындық мәселелері жөнінде селекторлық

кеңес өткізілді, онда көктем кезеңіне тиісті дайындық жөнінде шешім қабылданып, орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар берілді.

ТЖМ құтқару бөлімшелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басқару органдарының дайындық деңгейін арттыру мақсатында 2014 жылғы 5-6 наурызда «**Көктем-2014**» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізілді. Халықтың тыныс-тіршілігінің қамтамасыз етілу, ықтимал су басу аймақтардағы тіршілікті қамтамсыз ету объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін және ықтимал қауіпті объектілер жұмысының қауіпсіздігін арттыру жай-күйі айқындалды. Елдегі оқу-жаттығуларға барлығы АҚ және ТЖ **973** құралымы, **11074** қызметкер және **3176** бірлік техника қатысты.

Аталған оқу-жаттығу шеңберінде 2014 жылғы 6 наурызда «Аумақты су тасқындарынан инженерлік қорғау бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, облыстар және Астана мен Алматы қалалары ТЖД-ның қолданатын шаралары туралы» күн тәртібімен Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысы өткізілді.

7-СЛАЙД

ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ-нің **65** жыл бойы және **31** маусымдық гидрометеорологиялық бекеттері елдің таулы және тау етегіндегі аумақтарының мониторингісін жүзеге асырды. Тасқын кезеңінде Сырдария өзенінде мұз және су ахуалын бақылау үшін «Қазселденқұтқару» ММ қосымша **10** жылжымалы гидробекет қойды.

2014 жылғы 10 қаңтардан бастап 24 наурыз аралығындағы кезеңде тасқынға қарсы режимде **Көксарай су реттегіші жұмыс істеді**, қазіргі таңда онда жиналған су көлемі **3 млрд.м³** құрайды.

2014 жылғы 3 сәуірден бастап Есіл өзенінің тасқын суларынан **Астана қаласын қорғау кешені** тасқыннан қарыс режимде жұмыс істейді, Астана (Вячеславск) су қоймасы арнасынан **120 млн.м³** астам мөлшердегі асып кеткен су аталған кешен сыйымдылығына қайта құйылды.

8-СЛАЙД

Алайда, тасқын қауіпті кезең құрбансыз болмады. 2014 жылғы тасқын кезеңнің басынан бастап елде бірқатар ірі ауқымды төтенше жағдайлар болды.

2014 жылғы 31 наурызда сағат 01.30-да Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті су қоймасына еріген қардың күрт құйылуынан **су қоймасы бөгендері жарылған және Көкпекті ауылындағы үйлерді 1,8 метрге дейін биіктікте су басқан.**

Министрлік қызметкерлері толқын келгенде су басқан ауылдан құтқарушылар **125** адамды құтқарды, 210 тұрғынын алдын ала эвакуациялады.

Бөгеннің жарылу салдарынан **5** адам қаза болды және **7** адам жарақат алды.

Тексеру нәтижелері бойынша **14** үй толық қирағаны, **29-ы** қалпына келтіруге жарамайтындығы және **210** үй жөндеуді талап ететіндігі, **22** электр қуаты мен телекоммуникация желісінің желі тірегі зақымдалғаны анықталды.

71 үй авариялық жағдайда тұр, оның тұрғындары Көкпекті ауылындағы кәсіби лицейге орналастырылып, оларды тамақтандыру ұйымдастырылды.

Министрліктің және жергілікті атқарушы органдарының күштері **825** ауладан

5004 тонна қоқысты шығарды және **417** ауладан **8,5 мың м³** еріген қар суын ағызып шығарды.

Мемлекеттік комиссияның алдын ала қорытындыларына сәйкес аварияның себебі жеке меншік иесі мен жалға алушылардың бөгетті жөндеу және пайдалану қағидасын бұзу болып табылды.

Жағдайды бөгетті пайдаланушының жергілікті атқарушы органдарды төтенше жағдай катері туралы кеш ақпарат су қоймасы деңгейінің күрт көтерілуі және толуы сәтінен емес, іс жүзінде бөген қабырғасы арқылы су асқан кезде ғана берілген.

Бұнымен қатар, сәуірде бірінші онкүндігінде **Ақмола облысының аумағында көктемгі тасқыннан туындаған қысылтаяң жағдай болды.** 31 наурыздан қазіргі уақыт аралығында тасқынға облыстың **6** ауданында (*Атбасар, Астрахань, Бұланды, Бурабай, Целиноград және Шортанды*) **8** елді мекен (*Атбасар қаласы, Талапкер кенті, Борисовка ауылы, Алакөл ауылы, Ягодное ауылы, Старый Колутон ауылы, Атамекен ауылы, Новопервомайка ауылы*) ұшырады, жалпы су басу аймағында **644** тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени объекті мен инфрақұрылым объектісі қалды, **9** республикалық және жергілікті маңызы бар жол учаскесі сумен шайылды. Халықты құлақтандыру және оны эвакуациялау жөніндегі іс-шаралар уақытында жүргізілді, бұл адам шығынын болдырмауға мүмкіндік берді.

9-СЛАЙД

9 сәуір түнінен 10 сәуірге қараған күні №1 орта мектеп, Заречный және Садовый кенттері аудандарында Жабай өзенінде су деңгейі күрт көтерілді.

Авариялық-құтқару жүргізудің жаңа учаскелеріне құтқару және әскери топтар жедел жіберілді, шұғыл түрде су басу аймағындағы үйлер тұрғындарын аула-аулаға кіріп құлақтандыру және эвакуациялау жүргізілді. Суда құтқару қызметтерінің жүзу құралдары мен **52859** әскери бөлімі мен Көкшетау техникалық институтының өтімділігі жоғары техникасын пайдалана отырып, **177** адам эвакуацияланды. Эвакуациялау кезінде көптеген тұрғындар өз үйлерін өз еркімен тастап кетті.

9 сәуірде жағдай қатер төндіретін сипат алғанын ескере отырып, 10 сәуірде Атбасар қаласына қосымша Қостанай облысына қызметтің күшейтілген түріне жіберілген 28237 әскери бөлім мен ОҚО ТЖД жедел-құтқару жасағының күштері мен құралдары (**60** адам, **15** бірлік техника, **2** бірлік жүзу құралы) келді.

10 сәуірде су басқан аймақтан **204** тұрғынды шығару жүзеге асырылды, су олардың үйлеріне кірмеген, бірақ аумақты су басқан, көптеген тұрғындар өз үйлерін қарау және киімдерін, тамақ өнімдерін және т.б. алып кету үшін қайтып келді.

Жабай өзенінде су өте жоғары көтерілген кезде ТЖМ күшейтілген құтқару топтамаларының болуы арқасында тек қана адамдардың, сонымен қатар үй жануарларының қаза болуына жол берілмеді. Барлығы авариялық-құтқару жұмыстарында ТЖМ-нан **266** адам, **56** бірлік техника, **12** бірлік жүзу құралы мен **13** мотопомпа тартылды.

10 –СЛАЙД

«Қорғас» ШЫХО селден қорғау мақсатында «Қорғас» өзеніндегі қорғау және арна қалыптастыратын құрылыстарды салудың екі инвестициялық жобасы

әзірленді. Қытай сарапшыларымен 4 кездесу өткізілді, құрылыс салу мәселелері келісілді, өйткені объект мемлекеттер шекарасында орналасқан. Қазіргі таңда «Қорғас-1» және «Қорғас-2» объектілерін бір құрылыс кешеніне біріктіру туралы мәселе шешілуде.

Қабылданған шаралар болашақта «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы мен «Қорғас» кеден ғимаратының, Басқыншы, Қорғас кенттерінің қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз етеді.

11-СЛАЙД

Апаттар медицинасы және санитариялық авиациясы жүйесін дамыту жалғасуда. Осы бағыттарды дамыту үшін инфрақұрылымдық және материалдық-техникалық жағдайларды құру қажеттілігі Мемлекет басшысының Қазақстанның әлемнің 30 дамыған ел қатарына кіруі жөніндегі бекітілген тұжырымдамасында аталып өтілген.

Апаттар медицинасы орталығы есепті кезеңде **3305** шығу жасады, **4054** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, емдеу мекемелеріне **1213** адамды жатқызды.

Республикалық маңызы бар авариялы автомобиль жолдары учаскелерінде жұмыс істеп жатқан **12 күре жол медициналық-құтқару пункттеріне** қоса тағы **14-і** пайдалануға берілген. Олардың күштерімен есепті кезеңде **903** шығу жүзеге асырылды, **2680** зардап шеккенге көмек көрсетілді, **776** емдеу мекемелеріне жатқызылды. Ағымдағы жылы тағы **14** күре жол пункті іске қосылатын болады.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама шеңберінде санитариялық авиацияны дамыту мақсатында **14** ЕС-145 тікұшағы мен **2** Ка-32 тікұшағы сатылып алынды, бұл республиканың барлық облыстық орталықтарын санитариялық авиация тікұшақтарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Тікұшақтар еліміздің әр облыстық орталықтарында тәулік бойы кезекшілікте болады. Былтыр олар **255** ұшу жасады, емдеу мекемелеріне **222** пациент жеткізілді, **227** адамға дәрігерлер консультация берілді, **7** шұғыл операция жасалды. Биылғы I тоқсанда **141** ұшу жасалды, **127** пациентті тасымалдау жүзеге асырылды, **26** пациент консультация алды, **12** шұғыл операция жасалды. Осы қарқын санитариялық авиациясы қызметінің қажет екенін куәландырады. Әр ұшу – бұл құтқарылған өмір.

12-СЛАЙД

Үш медициналық пойыз 2013 жылы барлық облыстардың **300** шалғай станциясы **64418** тұрғынының денсаулығын тексерді. 2014 жылғы I тоқсанда «Денсаулық» медициналық пойызы 4 ақпаннан 31 наурыз аралығында **41** күні жұмыс күнінің ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының **24** станциясы мен жақын орналасқан елді мекендердің халқына медициналық көмек көрсетті, дәрігерлер **4738** адамды, оның ішінде **587** баланы қарады, **50044** диагностикалық зерттеу жүргізді, **41** кіші амбулаториялық операция жасады, **2** телемедициналық консультация берді.

2014 жылғы 16 сәуірден бастап «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бекіткен кестеге сәйкес екінші «Жәрдем» медициналық пойызы жұмысын бастады.

Апаттар медицинасының теміржол госпитальдарында 2013 жыл ішінде **57258** ауру емделді, **2** млн. адам қаралды, **12361** операция жасалды. 2014 жылғы I тоқсанда **13509** пациент емделді, **2351** операция жасалды.

13-СЛАЙД

ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің, Республикалық жедел штабтың шешімдеріне сәйкес Азаматтық қорғаныс және жұмылдыру әзірлігі деңгейін арттыру бойынша бірқатар ұйымдастырушылық және практикалық шаралар жүзеге асырылды. Ықтимал соғыс қатерін, халықтың орналасу тығыздығын, көліктік инфрақұрылым мен ресурстардың қолжетімділігін есепке ала отырып, материалдық резервтің сақтау базалары мен жауапты сақтау пункттерін оңтайлы орналастыру схемасы әзірленді.

Азаматтық қорғаныс жүйесінің жай-күйі Республикалық жедел штабтың 3 отырысында, ведомствоаралық комиссия отырыстарында екі рет қаралды.

Өңірлік даму министрлігімен бірлесіп қосалқы басқару пункттері мен 50, 100 және **200** адамға арналған қорғау құрылыстарының үлгі жобалары әзірленді және бекітілді.

Министрлік радиациялық мониторинг қағидасын, Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныстың қадағалау және зертханалық бақылау желісі туралы ережені әзірледі және бекітті. Химиялық-биологиялық және радиациялық авариялар салдарын жоюға басқару органдарын дайындау бойынша «**Қатер**» оқу-жаттығуы өткізілді.

2013 жылғы мамырда Батыс Қазақстан облысында (Орал қаласы) «Резерв» РМК «Сигнал» филиалының төтенше жағдай аймағына мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын дайындау және жедел жеткізу жөніндегі іс-шараларды өткізу» тақырыбында командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізілді.

14-СЛАЙД

Мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру. Мемлекеттік материалдық резервтің азайтылмайтын қорын қалыптастыру мақсатында 2013 жылы тамақ өнімдерін, жеке гигиена құралдарын, автобөлшектерді, жанар-жағар май материалдарын жеткізу жүргізілді. Бекітілетін Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемі жобасында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарының алдын алуға және оларды жоюға арналған материалдық құндылықтарды **93** атаудан **121** атауға дейін ұлғайту көзделген.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылады. Бізде айтарлықтай жетістіктер бар. Былтырғы мемлекеттік сатып алудың жалпы **46 млрд. 488 млн. 503 мың теңге** мөлшерінен жыл бойы қайта бөлінген сатып алудан үнемдеу **3 млрд. 112 млн. 634 мың теңгені** құрады, бұл мемлекеттік сатып алудың барлық бюджетінен **6,7%** құрады. Бұған алдымен өнім берушілердің сөзсіз шынайылығы мен үлкен бәсекелестік ортасы есебінен қол жеткізілді. Үнемнің **41%** мемлекеттік материалдық резервті сатып алуға келеді. Күрделі құрылыс бойынша үнемдеу **364 млн. теңгені** құрады.

15-СЛАЙД

Министрлік бюджетінің тұрақты өсу үрдісі көріне бастады. Барлығы 2014 жылы Министрлік бюджеті 100 млрд. 899 млн. 191 мың теңгені, оның ішінде дамыту бюджеті 20,6 млрд. теңгені, ағымдағы бюджет 80,2 млрд. теңгені құрады.

ТЖМ тез ден қою күштерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 2013 жылы **4** бірлік ЕС-145 тікұшақ, **166** бірлік өрт сөндіру және авариялық-құтқару техникасы, **2435** бірлік байланыс құралы, ұйымдастыру

техникасы мен техникалық жабдық сатып алынды. Ағымдағы жылы **4** ЕС-145 тікұшақ, **115** бірлік өрт сөндіру және авариялық-құтқару техникасы, **2251** бірлік байланыс құралы, ұйымдастыру техникасы мен техникалық жабдық сатып алу жоспарлануда.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаумен жергілікті бюджет есебінен Министрліктің аумақтық бөлімшелерінің техникалық қамтамасыз етуді нығайту мүмкіндігін алғанымызды атап өткен жөн. Ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен 4,5 млрд. теңге бөлінді. Бұл табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қауіп-қатерді төмендету және залалды азайту бойынша жағдайлар жасауда жақсы демеу болады.

16-СЛАЙД

Біз мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп **халық пен мемлекеттік басқару органдарын құлақтандыру жүйесін жаңғырту жөніндегі үш жылдық жобаны** әзірледік. Жоба шеңберінде барлық аппаратураны қазіргі заманғы, жаңа технологиялық шешімдер негізінде жасалған аппаратураға ауыстыру жүзеге асырылатын болады. Алматы және Петропавл қалаларында осы аппаратураны шығаруды ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Еліміздің барлық аумағында **тегін бірыңғай құтқару «112» телефон нөмірі** жұмыс істейді. Өрт, борандар, сырғымалар және т.б. кезінде жүріс-тұрыс қағидасынан, сондай-ақ өртке қарсы және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі регламенттер бойынша ақпараттан тұратын **Министрліктің ресми Интернет-ресурсы** құрылды (*2013 жылы сайтқа 615 мыңнан астам рет кірген және 6 млн. жоғары бет қаралған, 2014 жылғы I тоқсанда сайтқа 100 мыңнан астам рет кірген, 1,2 млн. бет қаралған*).

Ұялы байланыс операторлары арқылы СМС-хабарламалар көмегімен ТЖ қатері (жолдарды жабу, қар құрсауы, борандар) туралы халықты ақпарлау ұйымдастырылды.

Есепті кезеңде Министрлік 6 рет ірі ауқымды дүлей зілзалалардан зардап шеккен шет мемлекеттерге гуманитарлық көмек көрсетті.

2013 жылы Гватемала Республикасына, Ауғанстан Ислам Республикасына, Ливан Республикасына, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ақшалай баламада және тамақ өнімдері түрінде жалпы сомасы 978 мың АҚШ долл. көмек көрсетілді.

Ағымдағы жылы Ауғанстан Ислам Республикасына ресми гуманитарлық көмек көрсету үшін Министрлік мемлекеттік материалдық резервтен жалпы сомасы **1млн. 985 мың 917 доллар** азық-түлік броньнан шығарылды.

Ресей Федерациясы Дальневосточный федеральды округінің аумағында ірі ауқымды су басудан зардап шеккен әлеуметтік маңызы бар объектілерді қалпына келтіру үшін Ресей Федерациясына көмек көрсету жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын орындау үшін Благовещенск қаласында 240 орынға арналған балабақшаны салуға **379,3 млн. теңге** бөлінді.

17-СЛАЙД

Президенттің 2014 жылғы Жолдауында «зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс» деп көрсетілген. «А» корпусына жатқызылған барлық тұлғалар аттестаттаудан сәтті өтті, 2 үміткер пайда болды. Құқықтық қорғау қызметінде кадр саясаты мәселелері бойынша Президент жанындағы комиссия президенттік резервке 18 адамды кіргізді.

Көкшетау техникалық институтына оқуға үміткерлерді іріктеу, кадрларды ілгерілету резервін құру, қайта даярлау сапасы артты. Министрлік қызметкерлері тұрақты негізде Көкшетау техникалық институтында, Ақтөбе өңірлік орталығында, Азаматтық қорғаудың республикалық оқу-әдістемелік орталығында біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстардан өтеді. Беларусь ТЖМ қайта даярлау институтында біздің офицерлер мен қызметшілер белсенді оқытылуда, барлығы 252 адам, 99 курсант Мәскеу, Санкт-Петербург және Минск қалаларындағы ТЖМ институттарында оқуда.

Біліммен және озық тәжірибемен алмасу мақсатында Көкшетау техникалық институтына дәріс оқу үшін Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы мен Украина ТЖМ бейінді жоғары оқу орындарынан оқытушылар мен ғалымдар шақыртылады. Былтыр 15 ғалым шақыртылды. Биыл дәріс оқу үшін 2 апта мерзімге 17 оқытушыны шақырту жоспарлануда.

Жер-жерде оқытудың интерактивті әдісі қолданылады, оның шеңберінде оқушылар дүлей зілзалалар, өрттер мен басқа төтенше жағдайлар кезінде жүріс-тұрыс қағидасын зерделейді. Қазіргі таңда оқытудың интерактивті әдісіне Министрліктің барлық аумақтық органдары тартылған. Есепті кезеңде 30-40 мектепте бір уақытта бір сабақта 1500 оқушыны қамти отырып, 1303 интерактивті сабақ ұйымдастырылды.

18-СЛАЙД

2013 жылы сыбайлас қылмыстарының саны 35%-ға, 45-тен (17 адам жасаған) 29 дейін (20 адам жасаған) азайды. Әскери прокуратураның бағалауы бойынша тәрбие, құқықтық және профилактикалық жұмысты күшейту нәтижесінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер арасындағы құқық бұзушылық саны 6 есеге қысқарды.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында Министрлік ротацияны белсенді қолданады, ол басшылық құрамын жаңартуға, бір бөлімшелерден басқа бөлімшелерге оң жұмыс тәжірибелерін енгізуге ықпал етеді, сондай-ақ қызметкерлердің рет-ретімен мансаптық өсуін қамтамасыз етеді. 2013 жылы ротация тәртібінде 17 қызметкер орнын ауыстырды, соның ішінде 5 - «өңір-орталық», 2 - «орталық-өңір» және 10 - «өңір-өңір».

Жеке құрамның дене даярлығына айтарлықтай көңіл аударылады. ТЖМ қысқы және жазғы спартакиадалары өтті, Министрліктің 17 қызметкері Қазақстан құрама командасының мүшелері болып табылады, соның ішінде халықаралық сыныпты 10 спорт шебері бар. Халықаралық **Федерациясының шешімі бойынша биылғы қыркүйекте Алматы қаласында өрт сөндіру-қолданбалы спорт бойынша 10-шы әлем чемпионаты өткізілетін болады.**

Құрметті төраға мырза!

Құрметті депутат мырзалар!

ТЖМ жұмысының негізгі нәтижелері осындай. Келешектегі біздің қызметіміз ТЖ алдын алу және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін нығайтуға, дүлей зілзалаларға, аварияларға және апаттарға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын және олардың қауіп-қатерін басқару жүйесін дамытуға, қажетті авариялық-құтқару техникасымен және жабдығымен тез ден қою күштерін жинақтауға, сондай-ақ осы саладағы мониторинг пен болжаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жұмысты «Азаматтық қорғау туралы» Заң жүзеге асыруға көмектеседі.

Назар қойып, тындағандарыңызға рахмет!